

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

**ВЕСТНИК**

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**THE BULLETIN**

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

**5 (411)**

SEPTEMBER – OCTOBER 2024

---

ALMATY, NAS RK

---

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

## **ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## **УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

## **РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

## EDITOR IN CHIEF:

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

## SCIENTIFIC SECRETARY:

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

## EDITORIAL BOARD:

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

## **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 5. Number 411 (2024), 62–78  
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.826>

FTAMP 17.01.45

**G.G. Ibragimov\***, **A.P. Mynbaeva**, **K.Zh. Saparbayeva**, 2024.  
South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov,  
Shymkent, Kazakhstan.  
E-mail: [mutlu\\_8484@mail.ru](mailto:mutlu_8484@mail.ru)

## **DEVELOPMENT OF ESSAY WRITING SKILLS OF PUPILS BASED ON THE ART OF RHETORIC**

**Ibragimov Ganisher Gulyamovich** – doctoral student, South Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan, [iggd7@mail.ru](mailto:iggd7@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0006-6685-6276>;

**Mynbayeva Akbilek Pazilkhanovna.**- PhD, South Kazakhstan Pedagogical University named O.Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan, [mutlu\\_8484@mail.ru](mailto:mutlu_8484@mail.ru), Orcid: 0000-0002-2204-8545;

**Saparbayeva Qarlygash Zhylyqbayqyzy** – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, South Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan, [karlas77@mail.ru](mailto:karlas77@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0001-4400-8421>;

**Abstract.** This article discusses the theoretical and methodological issues of developing students’ skills in writing essays based on the Art of Rhetoric. The authors paid attention to ways to solve difficulties that students encounter when writing essays; writing a thesis, introduction, justification of the thesis in the main part based on the deliberative speech of oratory and national rhetorical examples. Methods of teaching the type of persuasion of deliberative speech described in “Rhetoric” by Aristotle and “Fundamentals of the Theory of Rhetoric” by Zh. Dadebaev for 9th grade students are systematized. Based on the theory of A. Baitursynuly, it is proved that oratorical sayings belong to the type of speech – argumentative, and the structure of argumentative speech (bastama, usynba, bayandama, korytpa) that is similar to the structure of an essay (introduction, thesis, body, conclusion). And, the importance of systematizing an idea using numbers is illustrated by examples from the words of Zhusip Balasagun, Anet bi Kishikuly, Kazybek bi Keldibekuly, Boltirik sheshen Almenuly, Abay Kunanbayuly.

In order to develop the creative and critical thinking of students, the authors compiled level assignments using excerpts from the work of Zhusip Balasagun, the sayings of Maiky bi Tobeyuly and Abay Kunanbayuly’s poem. The completed tasks consist of four levels: reproductive, algorithmic, heuristic, and creative. At the first level, pupils study an excerpt from a poem by Abay Kunanbayuly. At the second level, they analyze an excerpt from the works of Zhusip Balasagun, and at the third level, they discuss the words of Maiky bi. In drawing up level tasks, the authors focus

on how effective it is for students to master the type of persuasion and deliberative speech when completing a creative level task (essay).

External observation and document analysis methods were used as research methods. The results of the experiment are tabulated according to established criteria.

*The article was prepared within the framework of the grant project AP15473614 – “Cultural and linguistic competence in the educational paradigm: metalanguage connotation”, approved by the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of Kazakhstan Republic.*

**Keywords:** the Art of Rhetoric, deliberative speeches, 9th grade, essay, level assignments, a creative level.

**Г.Г. Ибрагимов\***, **А.П. Мыңбаева**, **Қ.Ж. Сапарбаева**, 2024.

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,  
Шымкент, Қазақстан.

E-mail: [mutlu\\_8484@mail.ru](mailto:mutlu_8484@mail.ru)

### **ШЕШЕНДІК ӨНЕР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭССЕ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ**

**Ибрагимов Ганишер Гулямович** – докторант, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, [iggd7@mail.ru](mailto:iggd7@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0006-6685-6276>;

**Мыңбаева Ақбілек Пазылханқызы** – PhD доктор, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: [mutlu\\_8484@mail.ru](mailto:mutlu_8484@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-2204-8545>;

**Сапарбаева Қарлығаш Жылқыбайқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, [karlas77@mail.ru](mailto:karlas77@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0001-4400-8421>.

**Аннотация.** Бұл зерттеу жұмысында шешендік өнерді үйрету негізінде білім алушылардың эссе жазу дағдысын дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылады. Авторлар мектептегі білім алушылардың эссе жазу барысында эссенің кіріспе бөлімінде тезис жазу, жазылған тезис-ұсынбасын негізгі бөлімде дәйектеп-дәлелдеу сияқты қиындықтарын шешендік өнер теориясының ақыл-кеңес сөзі мен шешендік сөз үлгілері негізінде шешу жолдарына назар аударады. Жүйелі түрде Аристотель «Риторикасында», Ж.Дәдебаевтың шешендік өнер теориясына қатысты зерттеу еңбегінде көрсетілген ақыл-кеңес сөздің қос түрін төрт түрлі деңгейден тұратын тапсырмалар көмегімен 9-сыныптың білім алушыларына игертудің әдістері мен тәсілдері баяндалады. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлының шешен сөзді мәтіннің байымдама түріне жатқызатыны келтіріліп, байымдама мәтіннің бастама мен ұсынба, баяндама мен қорытпадан тұратын құрылымы кіріспе, кіріспедегі тезис, негізгі бөлім мен қорытындыдан тұратын эссенің құрылымына сәйкес келетіні салыстырыла дәлелденеді. Зерттеу жұмысында айтылатын пікірді санамалап жүйеге салудың қажеттілігі Жүсіп Баласағұнның,

Әнет би Кішікұлы мен Қазыбек би Келдібекұлының, Бөлтірік шешен Әлменұлы мен Абай Құнанбайұлының сөздерін мысал келтіру негізінде дәйектеледі.

Зерттеушілер білім алушылардың сыни ойлау, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан бәйіттерді, Майқы би Төбейұлы айтқан нақыл сөздерді, Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай – мақтанба» өлеңінен үзінділерді пайдаланып, деңгейлік тапсырмаларды дайындаған. Құрастырылған тапсырмалар төрт деңгейден тұрады: репродуктивтік деңгей, алгоритмдік деңгей, эвристикалық деңгей, шығармашылық деңгей. Оқушылар репродуктивті деңгейде Абай Құнанбайұлының өлеңіне зерттеп, талдайды. Алгоритмдік деңгейде Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» бәйіттерін талқыласа, үшінші деңгейде Майқы бидің нақыл сөздерін талқылайды. Ал шығармашылық деңгейде эссе жазады. Авторлардың деңгейлік тапсырмаларды құрастыруда оқушылардың шешендік өнердің көндіру сөзін меңгеруі шығармашылық деңгей жаттығуын орындауға қаншалықты тиімді болатынын айқындауға жіті назар аударған.

Жаттығуларды деңгейлерге сәйкес білім алушылардың орындау кезеңі кестеде сипатталған. Сырттай бақылау әдісі мен құжатқа талдау жасау әдісі зерттеу әдістері ретінде пайдаланылған. Әдіснама негізінде жүргізілген эксперимент нәтижелері кесте мен диаграммаға түсірілген. Зерттеу жұмысының қорытындысында шешендік өнердің теориясына, шешендік сөз үлгілеріне негізделіп әзірленген деңгейлік жаттығуларды орындау арқылы оқушыларда эссе жазуға қажет болатын құзыреттіліктердің қалыптасуы мен дамуы сипатталған.

*Зерттеу жұмысы ҚР ҰҒК мақұлдаған АР 15473614 «Білім беру парадигмасындағы мәдени-тілдік құзыреттілік метатілдегі коннотация» тақырыбы аясында орындалған.*

**Түйін сөздер:** шешендік өнер, ақыл-кеңес сөз, көндіру сөзі, 9-сынып, эссе, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық деңгей.

**Г.Г. Ибрагимов\*, А.П. Мынбаева, К.Ж. Сапарбаева, 2024.**

Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова,  
Шымкент, Казахстан.

E-mail: [mutlu\\_8484@mail.ru](mailto:mutlu_8484@mail.ru)

## **РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ НАПИСАНИЯ ЭССЕ У УЧАЩИХСЯ НА ОСНОВЕ ИСКУССТВА РИТОРИКИ**

**Ибрагимов Ганишер Гулямвич** – докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, E-mail: [iggd7@mail.ru](mailto:iggd7@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0006-6685-6276>;  
**Мынбаева Акбилек Пазылхановна** – PhD, Южно-казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан, e-mail: [mutlu\\_8484@mail.ru](mailto:mutlu_8484@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-2204-8545>;

**Сапарбаева Карлыгаш Жылкыбайкызы** – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, [karlas77@mail.ru](mailto:karlas77@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0001-4400-8421>.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются теоретико-методические вопросы развития у обучающихся навыков написания эссе на основе риторики. Авторы уделили внимание способам решения трудностей, возникающих у обучающихся при написании эссе: написание тезиса, вступительная часть, обоснование тезиса в основной части, основываясь на совещательную речь ораторского искусства и национальных риторических примеров. Систематизированы методы обучения по типу убеждения совещательной речи, описанные у Аристотеля в «Риторике» и «Основах теории ораторского искусства» Ж. Дадебаева, для учащихся 9-х классов. На основе теории А. Байтурсынова доказывается, что ораторское изречение относится к типу речи – рассуждение, и структура рассуждения (бастама, усынба, баяндама, корытпа) аналогичное структуре эссе (введение, тезис, основная часть, заключение). Важность систематизации идеи с помощью цифр поясняется примерами из слов Жусипа Баласагуна, Анет би Кишикулы, Казыбека би Келдибекулы, Болтирика шешен Алменулы, Абая Кунанбаева.

В целях развития творческого и критического мышления учащихся, авторы составили уровневые задания, используя отрывки из произведения Жусипа Баласагуна, изречения Майки би Тобейулы и стихотворения Абая Кунанбаева. Составленные задания состоят из четырех уровней: репродуктивный, алгоритмический, эвристический, творческий. На первом уровне ученики изучают отрывок из стихотворения Абая Кунанбаева. На втором уровне анализируют отрывок из произведений Жусипа Баласагуна, а на третьем уровне обсуждают слова Майки би Тобейулы. В составлении уровневых заданий авторы акцентируют внимание на том, насколько эффективно овладение учениками типа убеждения совещательной речи при выполнении задания творческого уровня (эссе).

Порядок выполнения обучающимися заданий поясняется с помощью таблицы. В качестве методов исследования использовались методы внешнего наблюдения и анализа документов. Результаты эксперимента внесены в таблицу по установленным критериям. В заключении статьи приведены навыки, необходимые для написания эссе, сформированные благодаря выполнению учениками уровневых заданий.

*Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP15473614 – «Культурно-языковая компетентность в образовательной парадигме: метаязыковая коннотация», утвержденного Комитетом науки МОН РК.*

**Ключевые слова:** искусство риторики, совещательная речь, 9 класс, эссе, уровневые задания, творческий уровень

**Кіріспе.** Жалпы орта білім беретін мектептердегі «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда ұлттық құндылық ретінде халқымыздың сан ғасырлық әдеби мұрасын, сонымен қатар бүгінгі тәуелсіз еліміздің рухани ізденістерімен өрімделген жаңа сипаттағы көркем туындыларын терең меңгерту көзделеді. Оқушылардың әдеби білім мазмұнын игеруіне қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыратын



құзыреттіліктер тұрғысындағы жазба жұмыстарын орындай алуға үйрету әдебиетті оқытудың әдістемелік мүмкіндіктерімен сипатталады. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында сапалы орта білім алуы оқушы атаулының құқығы дей отырып, сапаны білім берудің негізгі түйіні ретінде көрсетуі білім алушылардың керекті білімге ие болып, көпшіліктің мүддесін ойлайтын, адамшыл қасиет жоғары, рухани құндылықтар бойынан табылатын, бүгінгі күннің қоғамында қисынды көзқарасы қалыптасқан, ой өрісі жоғары жас буынды тәрбиелеп, оларға тәлім берудің қаншалықты өзекті екенін айқындап тұр (Тоқаев, 2023).

Қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасында көрсетілгендей, шешендік сөз үлгілері 9-сыныпта оқытылады. Бағдарламада белгіленген оқытудың мақсаттары білім алушыларды жазба жұмыстарын орындау барысында қисынды ойлап, ойын жүйелеп, жүйелі жазуға бағдарлайды. Нақтылап айтқанда, шешендік өнерді оқыту негізінде эссе жазуға қажет дағдыларды дамыту білім алушылардың функционалды сауаттылық, шығармашылық ойлау, қисынын келтіре жүйелеу, жеке көзқарасын дәлелдеу, мысалдармен дәйектеу сынды құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттталып, сөз күдіретін терең түсінуге жетелейді. 2022 жылдың мамыр айының 12-інде Білім және ғылым министрі №193 бұйрығының 39-тармағына сәйкес қазақ тілінде білім беретін мектептердің 9-сынып білім алушылары өздерінің ана тілінде эссе түрінде емтихан тапсырады. Ал 2022 жылдың тамыз айының 3-інде Оқу-ағарту министрінің №348 бұйрығының үшінші қосымшасына сәйкес Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында негізгі міндеттердің бірі сын тұрғысынан ойлау және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып анықталған. Өйткені жүйелі түрде ұйымдастырылған сапалы білім берілсе, оқушылар шығармашылық ізденіс жолына түседі, тиісті тақырып бойынша эссе, ойтолғау, сыни мақала сынды шығармашылық жазба жұмыстарын жазуға дағдыланады (2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы, 2023: 38).

Қазіргі күнде маңызды саналған шығармашылық жұмыстардың бірі эссе болғандықтан, эссе жұмысының кіріспе бөлімінде тезисті беру, негізгі бөлімінде тезисті орынды дәлелдеп, мысалдармен дәйектеу, тезиске сай қорытындылау шығармашылық ойлауды, оның дағдыларын керек ететіні сөзсіз-ақ. Эссе жазу жуық арада білім алу процесіне енген шығармашылық дүние емес. Үш бөлімнен (кіріспе, қорытынды және негізгі бөлімнен) тұратын мәтінді А.Байтұрсынұлы мәтіннің пайымдау (байымдама) түріне жатқызады. Байымдама құрылымы мынадай: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы (Байтұрсынов, 2003: 96). Шешендік сөз де мәтіннің пайымдау түріне кіреді.

Шешендік өнер – қасиетті болған құндылықтардың нағыз қазынасы; халықтың идентификациясы мен мәдени құндылықтардың жүйесін өз ішіне алған әмбебап саналған құралдардың бірі (Malikova, 2023). Көненің бүгінге тәлім берер дидактикалық үлгілері адам атаулының сөйлей алу шеберлігін,

оқып-тану әрі жазу сауаттылығын дамытуға қомақты үлесін қосып келеді (Holmes-Henderson, 2022: 253). Сондықтан да шешендік сөз үлгілеріне қатысты шешендік өнер теориясының тұжырымдарын 8-9-сыныптың білім алушыларына білім алу деңгейіне сәйкестендіре меңгерту тиімді болмақ.

Ұлттық шешендік үлгілері ретінде ХІ ғасырдағұмыр кешкен Ж.Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан «Жүрсін бектер бес нәрседен алыстап» деп басталатын бес бәйіт үзінді, Шыңғыс ханның оң қол ақылшысы болған Майқы би Төбейұлының мақалға айналған алты нақыл сөзі, Хакім Абайдың қарама-қарсы бесті, дұшпан мен асыл істі, сипаттайтын тармақтары алынды.

Хакім Абайға тиесілі тармақтарда ақыл-кеңес сөздің көндіру-айныту мақсатымен айтылған екі түрі де кездеседі. Бірақ Жүсіп Баласағұнның бәйіттерінде аталмыш сөздің айныту түрі ғана болса, Майқы би Төбейұлы айтқан нақыл сөздерді көндіру мен айныту сөздеріне оқушылардың өзі айналдырады. Ал төртінші деңгейде авторлардың «бес асыл ісі» мен «бес дұшпанын» пайдаланып немесе өзі қосып, кіріспе бөлім тезисінде үш немесе бес мінезді айқындап, негізгі бөлімде санамалауға, ойды реттеуге қызмет ететін қыстырма сөздерді пайдаланып, асыл қасиеттерге қатысты жеке көзқарасы көрініс тапқан эссе жұмысын жазады.

### Әдебиетке шолу

Қазақ шешендік өнері, оның тарихы, теориясы тыңғылықты түрде зерттеліп, кейбір өзекті мәселелері қазір де қарастырылу үстінде. Шешендік сөз үлгілеріне А.Байтұрсынұлы шешен сөз атауын беріп, оның мазмұны мен мақсатына қарай түрлерін көрсетті. Шешендік сөздерге М.Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде «Билер айтысы» бөлімінде тоқталса, «Қазақ әдебиетінде» С.Сейфуллин «Билер сөзі» ретінде тілге тиек етті. Билердің шешендік сөздерін зерттеп диссертация жазған Ә.Мәметованың тұжырымын әрі қарай өрбітіп, Б.Адамбаев шешендік сөздердің жанрлық түрлерін, құрылысын анықтады. С.Негимов шешендік сөздің түрлерімен, жанрларымен қатар тақырыпты таңдау, материал жинау, түртіп алу (конспектiлеу) сықылды практикалық мәселелерді, ал Г.Қосымова шешендік сөздегі тілдік таным, шешенге қойылатын талаптар, сөйлеуге дайындық, сөйленетін сөздің құрылымын зерттеді. Ж.Молдабеков шешендік өнер қолданылу аясын, арнасын, С.Медеубекұлы шешен сөздің тұрпаттамасын, Ж.Дәдебаев шешендік өнердің мақсаттары мен амалдарын, шешен еңбегінің сатыларын зерделеді. М.Ахетов қазақ шешендік өнерінің генезисін, типологиясы мен поэтикасын 3 томдық еңбегінде жан-жақты қарастырды.

Антикалық дәуірдің ойшылы Аристотель сөйлеудің үш түрлі болатынын айтып, оларды ақыл-кеңес сөз, билік сөз және эпидейктика (сын сөз) деп атайды. Эпидейктиканың міндеті мақтау не даттау болса, билік сөздің мақсаты – кінәлау не ақтау, ал ақыл-кеңес сөздің қызметі – көндіру не айныту (Аристотель, 2023: 418). Бұл мақалада зерттеуімізге қажет түрі – ақыл-кеңес сөз, яғни көндіру не айныту сөзі.

Оқушылар «Қазақ әдебиеті» пәнінен Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен 6-сыныпта танысатыны белгілі (Керімбекова, 2018: 56). Ж.Дәдебаев бұл өлеңдегі бес асыл істі – ақыл-кеңестің көндіру түріне жатқызады, ал «бес дұшпанды» айныту сөзіне мысал болатынын айтады. Қайшылықты түсіндіре келе ғалым: «Абайдың адам болар жолды таңдаған жастарға берген насихатында бес нәрседен қашық болу тыйым бар», – дейді (Дәдебаев, 2016: 46). Хакім Абай ақыл-кеңес сөзін қарама-қарсы қос «беспен» берудегі екі мақсатты байқауға болады: біріншісі – ізгі істерге үндеу, жаманына жақындамауға шақыру; екіншісі – өсиетін беске салып тыңдарманға жүйелеп жеткізу. Жүйелеудің бұл түрін ақын шығармаларында көп қолданады. Мысалы, толық адам ережесі, яғни бірдей ұсталуға тиіс үшеу: ақыл мен қайрат және жүрек, имани гүл делінген үш сүю (Жаратқанды, күллі адам баласын, әділетті сүю), отыз бірінші сөзде тыңдағанды ұмытпауға қатысты төрт себеп, отыз екінші сөзде талапқа тиесілі алты шарт, отыз үшінші сөздегі өнердің төрт түрлі кеселі, отыз сегізінші сөздегі адамды қорлыққа душар ететін үш нәрсе (Құнанбайұлы, 2020: 62-159).

Бұл әдісті ХІ ғасырда ғұмыр кешкен Ж.Баласағұн «Құтты білік» дастанында пайдаланғанын байқаймыз. 9-сынып білім алушыларына арналған оқулықта «Құтты біліктен» үзінді келтіріліп, онда шығарма авторы бектерді бес нәрседен – ұшқалақтық пен сарандықтан, ашу мен надандықтан және өтіріктен – бойын аулақ ұстауға үндейді (Керімбекова, 2019: 9). Ақын бес жағымсыз қасиетке қосып, тағы екі істі – өзімшілдік пен залымдықты айтып, өз сөзін түйіндейді.

Тұжырымды санмен жүйелеу тәсілі 1626-1723 жылдар аралығында өмір сүрген Әнет бидың шешендік толғауларында да кездеседі: үш арсыз, үш ғайып, үш даусыз. (Төрекұл, 2006: 102-103). Бөлтірік шешен Әлменұлы да сөзін санмен жүйелейді. Мысалы, бір төренің «төрт жақсысына» «бес жаманмен» жауап береді. Кіші баласына жеті ата, жеті ру, Жеті жарғы, жеті жақсы, жеті жаман, жеті жетімді білуді өсиет ретінде айтады. Бірақ баласы: «Әке, сіздің жеті жақсы деп айтқан сөзіңіз ел ішінде әрқалай айтылады. Жақсының саны сіз айтқандай, жеті емес, одан әлдеқайда көп қой. Соның анығын сіздің ауызыңыздан естиін деп едім», – дегенде, сөзге мән бере бастаған баласына Бөлтірік шешен: «Е, балам, жақсы қанша көп болса да, көптік етпейді, жаман біреу болса да, аздық етпейді», – дейді (Төрекұл, 2006). Әрі Бөлтірік Әлменұлы тек шешен сөйлеуге емес, қисынды ойлау мен есеп шығаруға да шебер болған екен (Байбеков, 2018: 64). Сарыбай би қартайған адамның үш түрі болатынын тарқатып айтып береді (Төрекұл, 2006).

Адам айтар ойын сан арқылы жүйелеп жеткізуге бала кезінен машықтанады. Мысал ретінде «Санамак» деп аталатын өлеңге құрылған ойынды келтіруге болады. К.Матыжанов санамак арқылы бала әдемі сөйлеуге дағдыланып, оның жаттау қабілеті, танымы, ойы дамидынын, санамакты ырғағымен айта білу мәнерлі сөйлеуге үйрететінін, санамак тәртібін бұзбай айту баланы сергектікке, байқампаздыққа, турашылыққа баулитынын айтады. (Матыжанов, 2023: 129). Гилфорд та есте сақтау мен ойлау сынды әрекеттерді іске асыру

барысында адамның қандай да бір қарым-қатынас не нәтижеге қол жеткізуде символ не сандарды маңызды санайды (Бартлетт, 2020: 274). Қорыта айтқанда, ойын жүйелеп жеткізу үшін санды қолдануды адам бойында жастайынан қалыптасатын маңызды дағды ретінде айқындауға болады.

9-сынып оқушыларына шешендік өнердің бір түрі болған ақыл-кеңес сөзді менгертудің тиімділігі байқалады. Әл-Фараби шешендік өнерді тұжырымдау өнері ретінде анықтап, мақсатын көз жеткізу деп көрсетеді (Әбу Насыр әл-Фараби, 2007: 172). Бұл – бір. Ал екіншіден, бұл әдіс – көнеден келе жатқан ұлттық әдіс. Бірақ бұл әдісті қазіргі кезде Батыстың елдері өтірікке балайтын іргесі игілік пен шындық болып табылмайтын шешендікпен шатастырып алмаған жөн (Holmes-Henderson, 2022: 253). Себебі қазақ шешендік өнерінің өкілдері санмен жүйеленген тұжырымдары – ойдың елегінен, өмірдің тәжірибесінен өтіп жасалған түйінді тұжырым, нақты насихат. Үшіншіден, мысал ретінде келтірілетін шешендік үлгілерінде көрініс тапқан рухани құндылықтар – терең ойға бет бұрған жеткіншек үшін өте қажет құндылықтар. Өйткені жеткіншектік кезеңі – өзгелердің ойы балаға әсер ететін маңызды бір кезең (Meijer, 2020: 3).

Эссе – жазылым дағдысының бір түрі. Сөздікте педагогика саласына тән термин ретінде дағды – қалыптасатын білім алу мен оны қорытудың және пайдаланудың машықтары, деп түсіндіріледі (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011). Продуктивті дағдылар қатарында саналатын жазылым – білім алушылардың қалыптасып дамуға тиіс дағдыларының маңызды бір бөлігі (5-9-сыныптардың білім алушыларының пәндік және метапәндік дағдыларын дамыту үшін тапсырмалардың алуан типтері мен түрлерін әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар, 2023: 5) [18]. Ф.Оразбаева: «...жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады», – дейді (Оразбаева, 2019: 198).

Жазылымның бір дағдысы ретінде оқу бағдарламасында эссе жазу тілге тиек етіледі. Эсседе автордың қандай да бір тақырыпқа байланысты өз ойы, көзқарасы көрініс табуы қажет. Эссе жұмысын сапалы жазудың бір шешімі ретінде шешендік өнерді айқындауға болады. Себебі эсседе де, шешендік сөзде де көзқарастың қисынды баяндалып, мазмұндауында дәйекті мысалдың, дәлелді шешімнің болуы өте қажет. Бұл – бір. Екіншіден, құрылымы ұқсас: эсседе тезис, шешен сөзде ұсынба болуға тиіс (Байтұрсынов, 2003: 101). Бірақ эссе жазумен шектелсе, шешендік өнер көпшілік алдында шебер сөйлеуді де өз ішіне алады. Десе де, Ж.Дәдебаев сөйлейтін сөзін жазып алып, «рет-ретімен, жүйе-жүйесімен, әсерлі оқып шығудың өзі де үлкен өнер» екенін түсіндіреді (Дәдебаев, 2016: 46). А.Қыдыршаев сөз сөйлеу мәтінін күні бұрын жазып әзірлеуді сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру үшін қажет дағдылардың біріне жатқызады (Қыдыршаев, 2012: 76). Қазіргі кезде сөйлейтін сөзін жазып алып дайындалу шешенге ойын реттеп, мәнсіз сөзді айтып қоймауға бір ойдың орынсыз қайталанбауына көмектеседі (Қосымова, 2005: 266). Ғалымдардың тұжырымдарды түйіндей келе, сөйлейтін сөзді алдын ала жазып дайындау дағдысы көпшіліктің алдында шебер сөйлеу үшін қаншалықты маңызды екенін аңғарамыз.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу Action Research, яғни іс-әрекетті зерттеу әдіснамасына негізделді. Теориялық әдістерден сипаттау мен салыстыру, талдау мен жинақтау әдістері қолданылса, сырттай бақылау мен білім алушылардың жұмыстарын талдау сынды әдістер тәжірибені жүргізу кезінде пайдаланылды. Зерттеудің сандық нәтижесін көрсету мақсатында оқушылардың деңгейлік тапсырмаларды орындау нәтижесі пайызбен анықталса, төртінші деңгей тапсырмаларының іске асуы сандық жағынан критерийлермен тексерілуімен қатар, жазба жұмыстардың сапасына талдау жасалды.

Шешендік өнердің ақыл-кеңес сөзін игеріп, эссені сапалы жазуға бағытталған тапсырмалар төрт түрлі деңгейге жіктелген (Кобдикова, 2020: 144-145). Тапсырмалар Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес құрастырылған: стандартта, қандай болмасын, білім мен дағдыны кезеңіне қарай тереңдету қажеттігі түсіндіріледі.

1-кесте – Деңгейлік тапсырмалар

<b>Деңгей</b>	<b>Үзінді немесе нақыл сөз авторы</b>	<b>Білім алушылар орындайтын тапсырма</b>
Репродуктивтік деңгей	Абай Құнанбайұлының өлеңіндегі «бес асыл іс» пен «бес дұшпан»;	1. Білім алушылар авторға, оның шығармасына қатысты «Қазақ әдебиеті» пәнінен алған білімдерін еске түсіреді. 2. Қасиеттерді мұғалімнің бағыттауымен мінезге айналдырып жазады.
Алгоритмдік деңгей	Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінен» «Жүрсін бектер бес нәрседен алыстап» үзіндісі	1. Ақынның өлеңін оқиды, талдайды, зерттейді. 2. Бәйіттерде келтірілген қасиеттерді мінезге айналдырып жазады. 3. Антоним мінездерді анықтайды: байсалды да жомарт, сабырлы да парасатты және турашыл.
Эвристикалық деңгей	Майқы бидің бес нақыл сөзі	1. Нақыл сөздердегі әдейі «қалдырылған» тірек сөздерді анықтап көреді. 2. Өзінің нұсқасын түпнұсқамен салыстырады. 3. Абайша «асыл іс» пен «дұшпанға» жіктейді: ақылды, есті; даулы, жалқау, есер, паракор, сараң. 4. «Бес асыл іс» пен «бес дұшпанға» айналдырады: ақылды, есті, ынтымақты, еңбекқор, пара алмайтын, жомарт; надан, есер, даулы, жалқау, паракор, сараң.
Шығармашылық деңгей	Ж.Баласағұн, Майқы би, А.Құнанбайұлы	Эссенің ұсынбасында (тезисінде) екі ақынның, бір бидің жағымды санаған қасиет-мінездерді қолданып не өзі басқа қасиет-мінезді келтіріп, негізгі бөлімінде ойды реттеуге, санамалап айтуға қызмет ететін қыстырма сөздермен бастап эссе жазады.

Бірінші деңгей. Ақыл-кеңес сөзді үйретуді Абай Құнанбайұлы өлеңінен бастау қажет. Себебі автор ақыл-кеңес сөздің қарама-қарсы мақсатты екі түрін де қолданады. Оқушылар, алдымен, өлеңнің керекті бөлігін есіне түсіріп, кейінінен «бес асыл істі», яғни талап пен еңбекті, терең ой мен қанағатты және рақымды мінезге айналдырып, топтастыру қағазына жазады.

2-кесте – Топтастыру кестесі



«Бес асыл істі» үлгі бойынша топтастыру арқылы оқушылар екі түрлі сұраққа жауап бере алатын болады: біріншісі «Адам бойында қандай қасиет табылуға тиіс?» болса, екіншісі – «Адам қандай болуы керек?» Солайша перифраздаудың бір тиімді тәсілін де меңгереді.

Ал бірінші деңгейдің екінші кезеңінде «бес дұшпан», яғни өсек пен өтірік, мақтаншақ пен еріншек және бекер мал шашпақ мінезге айналдырылып, 2-кестедегідей топтастырылады.

Екінші деңгей. Оқушылар «бес асыл», «бес дұшпан» мінездерді топтастырып болған соң, екінші деңгейде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінен» алынған «Жүрсін бектер бес нәрседен алыстап» үзіндісін талқылайды. Ақын, алдымен, бес нәрсені (ұшқалақтық, сараңдық, ашу, надандық, өтірік) айтып, соңында ең қорлығы ретінде тағы екеуін (өзімшілдік, залымдық) атайды. Аталған жетеуді де білім алушылар мінезге айналдырады.

Мінезге айналдырылған соң, Ж.Баласағұн шығармасында келтірілген жағымсыз қасиеттер А.Құнанбайұлы тілге тиек еткен дұшпан қасиеттерге салыстырылады, ұқсастығы мен айырмасы талданады. Білім алушылар қос ақынның нендей қасиеттерді ұнатпағанын талқылайды және қазіргі күннің құндылығы тұрғысынан бағалайды. Жүсіп Баласағұн көрсеткен бес жағымсыз мінездің антонимін анықтайды, солайша бес жағымды мінезді жазып көреді. Мысалы, сабырлы – ұшқалаққа; жомарт – сараңға; байсалды – ашуланшаққа; парасатты – наданға; шыншыл өтірікшіге қарсы қойылады.

Кейінінен дәл осы жағымды қасиеттерді не мінездерді қолданып, эссеге тезис жазып көреді. Мысалы, «Адамзатты жақсылыққа, жақсы атқа жетелейтін бес қасиет бар. Олар: сабырлылық та байсалдылық, турашылдық пен жомарттық және парасаттылық. Осы қасиеттер бойынан табылған адам ғана көпшіл атанбақ».

Үшінші деңгей. «Құтты білік» дастанынан үзінді талқыланып болған соң, үшінші деңгейде Майқы би Төбейұлының нақыл сөздері талданбақ.

Үшінші деңгейдің бірінші кезеңінде оқушылар төрт нақыл сөздің «қалып қойған» тірек сөздерін, яғни мінездерді табуға тырысады:

1. Ханның биі \_\_\_\_\_ болса – қара жерден кеме жүргізеді.
2. Дауыл болмай, жауын болмас,  
